

**Қосалқы ғимараттар мен бөлмелердің  
(әкімшілік және тұрмыстық ғимарат)  
жобаларын сараптау. Жаңа  
технологиялық процестер мен  
өндірістік жабдықтардың санитарлық-  
эпидемиологиялық сараптамасы.**

# Жоспар

- *Қосалқы ғимараттар мен бөлмелердің (әкімшілік және тұрмыстық ғимарат) жобаларын сараптау;*
- *Жаңа технологиялық процестер мен өндірістік жабдықтардың санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасы.*

## бөлмелердің

## жобасына сараптама жасау

- Кәсіпорындардың тұрмыстық ғимараттары жұмысшыларға қызмет көрсетуге арналған: санитарлық-тұрмыстық, денсалық сақтау, қоғамдық тамақтану, сауда, тұрмыс, мәдениет қызметі бөлмелерін орналастыруға арналған.
- Әкімшілік және тұрмыстық бөлмелерді жылжымалы құрылымдарда (құрылыстық-монтаждау ұйымдарының әкімшіліктік және тұрмыстық бөлмелері) немесе ғимараттың бір бөлігі шамасында (қосымша құрылысты) не болмаса өндірістік ғимараттың барлық биіктігі мен еніне тура болатын бөлігінде (жалғама), оның биіктігі немесе енінің бір бөлігінде (қондырма) жобалайды және өндірістік ғимараттар мен бөлмелерден өртке қарсы бөгеттермен бөледі.

- Жалғамалы бөлмелерді, ережеге сай, жеңіл қоршамалы құрастырылымдардан жасайды, соның ішінде жинамалы-шашпалы және шашыраңқы орналастырылады. Жалғамалы бөлмелері мен мобильді ғимараттардың биіктігі (еденнен төбеге дейінгі) 2,4 м кем емес қабылданады. ІА, ІБ, ІГ, ІД және ІVА климаттық аудандықтарында жылжымалы құрылымдардағы бөлмелердің биіктігі 2,7 м кем болмауы керек. Жұмысшылар тұрақты болатын бұл құрылымдардың 2,4; 2,5 және 2,7 м биіктіктеріндегі ауданын 7% жоғарылату керек. Сыйымдылығы 75 адамнан көп болатын жиналыстарға арналған залдың, асханалардың және әкімшілік бөлмелердің биіктігі 3 м кем болмауы керек.

- Өндірістік ғимараттардың жалғамалы құрылымдарының құрамында бірқатар тұрмыстық бөлмелер қарастырылады (дәретханалар, дем алу, жылыну немесе салқындау бөлмелері, әйелдердің жеке бас гигиенасын сақтауға арналған бөлмелері, қолмен істелінген ванналар, қол жуғыштар, шеберлер мен басқа да персоналдарға арналған бөлмелер), олар өндіріс жағдайына байланысты жұмыс орындарына жақын жерлерде орналастырылуы тиіс.

- Жылытылатын өндірістік ғимараттар оқшау тұрған тұрмыстық ғимараттармен жылы өткелдер арқылы байланыстырылуы тиіс. IV климаттық ауданда (IVГ аудандығын қоспағанда) орналастырылған ғимараттардан, сонымен бірге климаттық ауданға тәуелсіз - әрқайсысында ауысымына 30 адамнан көп емес жұмысшылар саны бар жылытылмалы өндірістік ғимараттардан жылытылмалы өткелдерді қарастырмаса да болады. Мұндай кездерде өндірістік ғимараттарда киім ілгіштермен жабдықталған жылы үстіге киетін киімдерді сақтауға арналған бөлмелер қарастырылуы керек.

## *Қабаттар саны*

- Жеке тұрған ғимараттарда, жалғамаларда (қабаттар саны төрттен аса), қондырмалар мен іргемелерде («ылғалды» үрдістері бар өндірістердегі бөлмелерден басқалары) автоматты түрде іске қосылатын өртке қарсы сигнализация қарастырылады. Санитарлық-тұрмыстық және әкімшілік бөлмелерден көшірілетіндердің саны ауысымдағы жұмысшылардың санына, асханалардан, жиналыстар мен кеңестер өткізуге арналған залдардан – 25%-ға көбейтілген залдағы орындардың санына сәйкес келуі тиіс.

- Көп қабатты ғимараттарды кіре беріс пен жоғарғы қабат едендерінің белгісінің айырмасы 12м және одан да көп болғанда, сонымен қатар екінші және одан да көп қабаттарында отырғыш-арбаларын қолданатын мүгедектерге арналған бөлмелердің болуында жеделсатыларды қарастыру керек. Жеделсатылардың саны кем дегенде екеу болуы керек. Жеделсатылардың бірінің кабинасының тереңдігі 2,1 м кем емес, ені – 1,1 м кем емес, есіктің ені 0,85 м кем емес болуы керек.
- Тікелей өндірісте жұмыс істейтін жұмысшыларға арналған санитарлық-тұрмыстық бөлмелерді өндірістік үрістердің тобына байланысты 2.09.04-87 «Әкімшілік және тұрмыстық ғимараттар» ҚНМЕ-нің 6 кестесіне сәйкес жобалау қажет.



## *Шаруашылық зона*

- Өндірістік ғимараттардағы жұмыс орындарынан дәретханаларға, шылым шегу, жылыну немесе салқындауға арналған бөлмелерге, жартылай душтар, сумен қамтамасыз ету құрылымдарына дейінгі қашықтық 75 м кем емес, тірек-қимыл аппаратының жұмысы бұзылған мүгедектер мен ғаріп жандар үшін – 60 м көп емес, ал кәсіпорын ауданындағы жұмыс орнына дейін – 150 м кем емес болуы тиіс.
- Тұрмыстық бөлмелердің ауданы мен қызмет көрсету сипатын жұмысшылардың жалпы санына және олардың еңбек жағдайына тәуелді болатын, берілген өткізу қабілетін ескере отырып таңдайды. Бұл кезде жобаның технологиялық бөлімінде ең көп санды ауысымдағы, сонымен қатар ауысымның ең көп санды бөлігіндегі жұмысшылардың тізімдік саны көрсетілуі керек.

## *Санитарлық сипаттамаларына байланысты өндірістік үрдістерді 4 топқа бөледі:*

- 1) 3-ші және 4-ші қауіптілік класының заттарымен ластануына алып келетін өндірістік үрдістер;
- 2) айқын артық жылу бөлінумен немесе қолайсыз метеорологиялық жағдайларда жүретін үрдістер;
- 3) 1-ші және 2-ші қауіптілік класы заттарымен және тұрақты иісі бар заттармен ластануға алып келетін үрдістер;
- 4) өнімді шығаруда аса тазалық сақтауды және стерильділікті талап ететін үрдістер.

## *Шешінетін блок*

- Шешінетін блок құрамына көшеге киетін киімге, үй және арнайы киімге арналған гардеробтар, душ бөлмесі, қол жуу бөлмесі, дәретханалар кіреді. Шешінетін бөлмелерде, сондай-ақ арнайы киімдердің қоймасын, тазалық жүргізетін құрал-саймандарға, аяқ киімді тазалауға, қырынуға, шашты кептіруге орын бөлінген кезекші қызметкер бөлмесін қарастыру керек. Шешінетін бөлмелердің түрі өндірістік үрдістің сипаттамасына байланысты болады.

- Шешінетін блок құрамына көшеге киетін киімге, үй және арнайы киімге арналған гардеробтар, душ бөлмесі, қол жуу бөлмесі, дәретханалар кіреді. Шешінетін бөлмелерде, сондай-ақ арнайы киімдердің қоймасын, тазалық жүргізетін құрал-саймандарға, аяқ киімді тазалауға, қырынуға, шашты кептіруге орын бөлінген кезекші қызметкер бөлмесін қарастыру керек. Шешінетін бөлмелердің түрі өндірістік үрдістің сипаттамасына байланысты болады.
- Жалпы шешінетін жерлер жұмысшыларының тізімдік саны 50 адамға дейін болатын өндірістік үрдістің барлық топтары үшін қарастырылады.

## *Санитарлық-тұрмыстық бөлмелер*

- Арнайы тұрмыстық бөлмелер мен құрылымдарға кір жуу, салқындату, арнайы киімді кептіру, жылыну, химиялық тазалау, арнайы киімдерді сақтау орындарын жасанды желдендіру бөлмелері жатады. Егер арнайы киімді әрбір ауысымнан кейін тазалау немесе залалсыздандыру жүргізілетін болса гардеробтардың орынына арнайы киімді беру пункттерін қарастырады.
- Жұқпалы және радиоактивті заттармен, сонымен бірге тері арқылы түсуде адам үшін қауіп туғызатын заттармен жұмыс істеуде санитарлық-тұрмыстық бөлмелерді өкілеттілік нормативтік құжаттармен сәйкес жобалайды.

## *Душтық бөлмелер*

- Душтық бөлмелерді көлемі 0,9x0,9 (1,8x0,9) болатын ашық душтық кабиналармен жабдықтайды. Жабық кабиналар тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар мүгедектермен ғаріп жандар үшін қарастырылады.
- Іа тобының үрдістері кезінде қарастырмаса да болады. Мобильді ғимараттарда блок-контейнерлерден душтық торлардың есептеулі сандарын 60% -ға дейін азайтуға болады.
- Тірек-қимыл аппаратының бұзылыстары бар мүгедектермен ғаріп жандардың бір душтық торапқа келетін есептеулік саны – 3, бір шүмекке - өндірістік үрдістің санитарлық сипаттамасына байланыссыз – 7.

## *Арнайы киім жуатын бөлмелер*

- Арнайы киімдерді жуу үшін өндірістік кәсіпорындарды немесе кәсіпорын топтарында химиялық тазалау бөлімі бар кір жуатын бөлмелері қарастырылады. Негізделген жағдайларда, арнайы киімдерді өңдеу үшін арнайы бөлімдері болған жағдайда қалалық кір жуу бекеттерін қолдануға рұқсат етіледі.
- Кір жуатын бөлмелерде, бір жұмыс орнына 9м<sup>2</sup> есебінен арнайы киімді жөндеуге арналған бөлмелерді қарастыру қажет. Жұмыс орындарының саны тізімдік сандағы 1000 адамға аяқ киім жөндеу бойынша бір орын және киімді жөндеу бойынша екі орын бөлу есебі бойынша қабылданады.

## *Медициналық пункт*

- Жұмысшылардың тізімдік саны 50-ден 300 адамға дейін болғанда медициналық пункт қарастырылады. Медициналық пункттің ауданы: 12 м<sup>2</sup> - жұмысшылардың тізімдік саны 50-ден 150 адамға дейін болса, 18м<sup>2</sup> - 151-ден 300 адамға дейін болады. Мүгедектердің еңбегі қолданылуы мүмкін кәсіпорындарда медициналық пункттің ауданын 3м<sup>2</sup>-қа өсіруге рұқсат етіледі.
- Фельдшерлік пункттердің құрамына науқастардың уақытша болу бөлмесі, ем-дом қабылдау кабинеті, науқастарды қабылдау кабинеттері, физиотерапия, тіс дәрігері, гинеколог кабинеттері, дәлізінде қол жуғышы бар дәретханалар кіреді.



## *Демалыс бөлмелері*

- Жұмыс уақытында дем алатын бөлмелер мен орындарды және психологиялық босаңсу бөлмелерін үй киіміне арналған гардеробтарда және денсаулық пункттерінде, сонымен қатар өндірістік бөлмелерінде жұмыс аумағының ауасының рұқсат етілген көрсеткіштері қамтамасыз етілген және 1-ші және 2-ші қауіптілік класы заттары ауасында жоқ өндірістік мақсатта қолданылмайтын цехтарда орналастырлады. Психолологиялық босаңсу бөлмелеріндегі және демалыс орындарындағы дыбыс қысымының деңгейі 65 дБА аспауы тиіс.

## *Әкімшілік бөлмелер*

- Әкімшілік бөлмелерінің 1 жұмысшыға арналған ауданы төмендегідей тәртіппен қабылданады: өндірістік-диспетчерлік мекемелер, есептеу орталықтарындағы бағдарламалау мекемесінде, телетайптарда –  $4,5\text{м}^2$ , көшірмелі-көбейту қызметтерінің тапсырыстарды қабылдау және тарату мекемелерінде –  $6\text{м}^2$ , машинамен теру мекемелерінде -  $4\text{м}^2$ .

Тұрмыстық ғимараттар мен бөлмелер жобасына гигиеналық сараптама жасауды келесі схемамен жүргізеді.

- Бас жоспардағы қосалқы бөлмелердің орналастырылуымен олардың көлемдік-жоспарлық құрастырылымдық шешімдеріне баға беру.
- Санитарлық-тұрмыстық бөлмелердің жиынтығы 3.02-43-2007 «Тұрғын ғимараттар және имараттар» ҚНМБ-дің талаптарына сәйкес келуін анықтау.
- Жекелеген бөлмелердің (гардеробтар, душ, қол жуу, дәретхана бөлмелерінің және т.б.) жоспарлануы мен жабдықталуына баға беру.
- Денсаулық пункттерінің категориясы, орналастырылуы, бөлмелерінің жиынтығы мен олардың көлемдері. Ингаляторийлер, фотарийлер, қол және аяқ былауларына арналған бөлмелер, жұмыс уақытында дем алуға арналған бөлмелер және психологиялық босаңсу бөлмелері, олардың жабдықтары мен көлемдер.

## *Жаңа технологиялық процестер мен өндірістік жабдықтардың санитарлық-эпидемиологиялық сараптамасы*

- Екінші кезең – гигиенист-дәрігердің жаңа технологиялық үрдістерге және жабдықтарға НТҚ-дың (ТШ, ШСТ-тар) жобасын келісуге қатысу. ТШ жобасын келісу үшін шығарушы-ұйым келесі құжаттарды ұсынады: ТШ жобасы, сынамалық үлгіні қабылдау кесімі; эксплуатациялық құжаттар (технологиялық паспорт, эксплуатация бойынша нұсқау); келісілген және бекітілген ТТ-лар. ТШ-ға сараптама жасау кезінде дәрігер келесі тармақтарды тексеруі қажет:

- Бұл кезде, технологиялық маңызы жоқ және сонымен байланысты ТШ жобасында көрсетілмеген (мысалы, күкірт қышқылында мышьяқтың болуы ) зиянды қоспалардың болу мүмкіншілігін анықтау керек. Заттардың физико-химиялық қасиеттері (қайнау, балқу температурасы, гидролизге түсу, деструкцияға, тотығуға, булануға және айдауға қабілеттілігі, ерігіштігі) айтарлықтай маңызды болып келеді

- Әртүрлі нысандарға ТШ қарастыру және келісудің ерекшеліктері болады. Химиялық заттарға НТҚ-ды (ТТ, ТШ, технологиялық регламент) қарастыру кезінде дәрігер, өнеркәсіпте еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жағдайлары болмаған кездерде, канцерогендерді және 1-ші және 2-ші қауіптілік класының заттарын (аса қауіпті және жоғары қауіпті), мутагендер мен аллергендерді қолдануға жол бермеу талаптарына сүйенеді. Сараптама жүргізу барысында дәрігерге заттардың тағайындалуы және оларды пайдалану жағдайлары, химиялық құрамы, құрамдастары мен қоспаларының пайыздық мөлшері бойынша мәліметтерді ұсынуы тиіс.

- Бұйымдарға арналған (машиналар, жабдықтар, аппаратуралар және т.б.) НТҚ-ға сараптама жүргізу кезінде олардың тағайындалуын, қолдану саласы мен жағдайларын ескереді. «Техникалық талаптар» бөлімінде жабдықты пайдалану барысында зиянды өндірістік факторлардың әсер етуіне жол бермейтін және қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ететін құрастырылымдық шешімдер енгізілуі тиіс.

- Пайдалану кезінде зиянды заттардың бөлінуі мүмкін болатын жабдық үшін келесі шарттарды сақтау қажет: герметикалылығын қамтамасыз ету; ашылатын тиеу және шығару тесіктерінің құрастырылымына қойылатын талаптарды сақтау; тетіктік құрылымымен қамаландырылған желдендіруді қамтамасыз ету; зиянды заттармен жанасу мүмкіншілігі бар операцияларды автоматтау және механизациялау. Шу және дірілдің көзі болып табылатын жабдықтар үшін, осы факторлардың айқындылығын нормативті мәндерге дейін төмендетуге бағытталған шаралар (шу- және дірілі жұту, түзілу көздерінде, таралу жолдарында жұту, сәулеттік-жоспарлық шешімдер және т.б.) қарастырылуы тиіс.



*Технологиялық үрдістерге гигиеналық баға беруді өндірістік орындардың құрылысын салу (реконструкция) жобаларын келісу үрдісінде де іске асырады. Сәйкес жобалардың «Технологиялық шешімдер» бөлімін қарастырғанда дәрігер келесі шешімдерге баға беруі қажет:*

- жобада қарастырылған технологияның қазіргі уақытта дамытылған гигиеналық талаптарға (аз қалдықты немесе қалдықсыз технология, үрдістердің автоматталуы, тиеу-түсіру жұмыстарының механизациялануы, қашықтықтық басқару) сәйкес келуі;
- қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға және санитарлық ережелердің (герметизация, жабдықтардың жылу-, дыбыс-және діріл оқшаулауы, табиғи және жасанды желдендіру, экрандау және т.б.) сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың жеткіліктілігі;
- өндірістік бөлмелерге жабдықтар мен жұмыс орындарын орналастырудың негізіділігі, өндірістік үрдістердің үздіксіздігі мен ағымдылығы, жұмыс орындарын ұйымдастыруда жұмыс қалыптарын ескере отырып ЕҒҰ қолдану, еңбек және демалыс тәртіптері.

- Жекелеген өндірістік факторларға (жарықтандыру, шу, діріл және басқалары) қатысты мәселелерге сараптама жүргізуде берілген басшылықтың сәйкес бөлімдерін басшылыққа алу керек.
- Жаңа технологиялық үрдістерді, жабдықтарды, материалдарды енгізуге сақтық санитарлық қадағалау жасау жұмысы міндетті түрде есепке алынады. Сараптама жүргізіліп біткеннен кейін қорытынды шығарады, оның көшірмелері МСЭҚБ-да сақталынады.

*Төменде техникалық тапсырмаға гигиеналық сараптама жүргізу кезінде қарастырылуы тиіс мәселелердің тізімі:*

- Хаттамалық бөлім.
  - Жабдықтың аталуы.
  - Шығарушы-ұйым.
  - Ұсынылған құжаттар.
- Констаттық бөлім.
  - Жабдықтың тағайындалуы.

- Мүмкін болатын зиянды факторлар, олардың түзілу көздері.
- Еңбек операциялары мен ақпараттық жүктеменің көлемі, қызмет көрсету түрі, персоналдың қажетті саны мен мамандандырылуы.
- Зиянды факторлардан қорғау және олардың түсуін шектеу, физикалық жүктемені төмендету бойынша құрастырылымдық шешімдер.
- Берілген техникалық және гигиеналық көрсеткіштеріне сәйкес жабдықтарды қолдануды қамтамасыз ететін пайдалану шарттарына нұсқаулардың болуы.
- Техникалық тапсырмада ұсынылған қабылданған гигиеналық көрсеткіштердің негізділігін дәлелдейтін құжаттардың толықтығы мен сапасы.

- Қорытынды.
  - Қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету бойынша техникалық тапсырмаларда көрсетілген талаптардың жеткіліктілігі.
  - Техникалық тапсырмада көрсетілген санитарлы-гигиеналық көрсеткіштердің негізділігі.
  - Анықталынған кемшіліктер және оларды жою бойынша ұсыныстар.
  - Техникалық тапсырманы келісу мүмкіншілігі.

